

*Г.М. Сабденалиева,
п.ғ.к., доцент,
e-mail: sgulnaray@mail.ru,
Г.Ө. Жандосова,
аға оқытушы,
e-mail: zhandosova1974@mail.ru,
Кемеш Ұлпан,
2-курс магистранты,
e-mail: ulpan2019@list.ru,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы, Қазақстан*

ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ

Аннотация: ХХІ ғасырдағы ғаламдық экологиялық проблемалардың ушығуы белсенді дамуда. Әр мемлекеттің территориясына тән экологиялық мәселелері бар. Қазақстанның да ғаламдық деңгейде де және жергілікті жерлеріндегі аймақтық экологиялық мәселелері кең таралуды. Мақалада еліміздің аймағындағы қазіргі кездегі кең таралған экологиялық мәселелер қозғалған. Қазақстанның жер, су, ауа, биоәртүрлілігіндегі экологиялық мәселелердің өзектілігі талданған. Әсіресе еліміздегі экологиялық мәселелердің туындауына, оның тереңдеуіне экономикалық нысандардың тигізетін әсері берілген.

Кілт сөздер: ғаламдық проблемалар, экология, қоршаған орта, жаһандану, дағдарыс.

Ғаламдық проблемалар – әлемді тұтас қамтитын табиғи, табиғи-антропогендік немесе таза антропогендік құбылыстар. Осы құбылыстардың даму процесі жаһандану процесі деп аталады. Ғаламдық проблемаларды ерекше білім саласы – глобалистика ғылымы зерттейді. Аталған ғаламдық проблемалар өзара тығыз байланысты және барлығы іс жүзінде жердегі экологиялық дағдарыстың даму процесімен байланысты. Әрбір ғаламдық проблеманы міндетті түрде шешу қажет, өйтпесе оның дамуы, экономикалық дағдарысқа, соғыс

өртiне, табиғи апатқа – өркениеттің жойылуына дейін апарып соғады. Ғаламдық проблемаларды шешу үшін ғаламдық, аймақтық, ұлттық бағдарламалар жасалады, бірақ оларға келісушілік және үйлестірушілік жетіспейді. Ғаламдық проблемаларды шешуге жұмсалатын шығындардың жартысына жуығын экологиялық проблемаларды шешу шығындары құрайды. БҰҰ –ң зерттеуі бойынша Халықаралық деңгейде 70 ғаламдық проблема бар екен. Олар өз кезегінде бірнеше негізгі топтарға бөлінген. [1,2].

Ғаламдық проблемалардың Қазақ елін айналып өтпейтіні белгілі. Біздің елімізде жер қойнауы табиғат байлықтарына кемде емес елдердің бірі. Қазіргі таңдағы экономикалық тұрақтылығымыз, осы байлықтарды өндірудің нәтижесінде қол жеткізіп отырмыз. Қоршаған ортаны ластаудағы көшбасшы өндіріс орындары мен өнеркәсіп орындары елімізде жетіп артылады. Негізгі өндіретін байлығымыз мұнай, көмір, газ, кара және түсті металдар және т.б.

Аталған өндіріске байланысты өнеркәсіп орындары салынған. Өкінішке орай, Қазақстанның өнеркәсіп нысандарында қоршаған ортаға зияны келмейтін жаңа технологиялар енгізілмеген. Қазақстанда өз кезегінде кейбір ғаламдық проблемалардың ушығуына өз үлесін қосуда. Әсіресе экологиялық проблемаларға Елбасының Қазақстан халқына 2005 жылғы Жолдауында Қазақстан бүгін Еуропа мен Азия арасындағы коммуникациялар легінің түйіскен жерінде тұр, біздің міндет-осынау бірегей жағдайымызды өз еліміз бен халықаралық қоғамдастықтың мүддесі үшін табиғатты ұтымды пайдалану деген еді [3].

Қазақстанның экологиялық ахуалына қысқаша талдау жасағанда мынаны байқауға болады. Солтүстік Қазақстан бойынша құнарлы жерлердің 25-30% жарамсызданса, Павлодардағы ірі өндіріс орнының зиялды экологиясы айтпаса да түсінікті. Батыс Қазақстанда мұнай-газ өнеркәсібінің өнімдерімен ластану 2,5 млн.га жайылымдардың деградацияға ұшырауы 3 млн. га жерді қамтып отыр. Семей полигоны жайлы көп айтылады, бірақ халыққа әкелген зардабы жайлы маңызды шешім табылған жоқ. Әсіресе, Азғыр мен Тайсойған полигондары қамтып отырған 1,4 млн. га жер радиоактивті

ластануда. Ал Каспий теңізінің 268 млн. га жағалауы су астында қалып, олардың мұнай өнімдерімен ластануы одан ары етек алуда. Күрделі экологиялық шиеліністер Орталық Қазақстанды да қамтуда. Байқоңырдан ұшырылатын тәжірибелік космос кемелерінің сол жердің тұрғындарына әкелетін экологиялық апаты ондағы техногендік, өндірісте ластану, радиоактивтілік және ракета-космос қалдықтарымен (Бетпақдала) ластану топырақтың құнарсыздануына, жайылымдардың тозуына жоғары деңгейде әсер етуде. Оңтүстік Қазақстандағы экологиялық жағдайлар Арал өңіріне тән Әмудария мен Сырдария бассейнінің 2 млн. га жерін шөлге, жарамсыз жерге айналдырды. Сорға, тақырға айналған жерлер мен Арал табанындағы тұздар ғаламдық экология проблемаларын тудырып, экожүйелерді қайтымсыз бүлдіруде. Осы өңірдегі 300 млн. га сексеуіл ормандары құрып кетті. Шу-Мойынқұм, Балқаш-Алакөл, Ақдала аймақтарының да экологиясы мәз емес. Әсіресе, Қапшағай, Тасөткөлкел су қоймаларының салынуы, суды көп қажет ететін күріш, техникалық дақылдардың егілуі-суырмалы жерлердің азуына әкеліп соқты. Іле өзені суының 10-15% Қытай Республикасының алуы бұл өңірде қауіпті жағдайлар туғызуда. Шығыс Қазақстан жағдайында да экологиялық проблемалар жеткілікті. Түсті металлургия, вольфрам, қорғасын, мырыш өнеркәсіптері елді мекендер мен қала тұрғындарына апат әкелуде. Бүгінгі таңда Өскемен қаласы дүние жүзіндегі экологиялық бас қаланың қатарына жатады. 1949-1996 жылдар арлығында Қазақстан жерінде 503 ядролық қару сыналды. 20 млн. га жер экологиялық апатты аймаққа, тіршіліксіз экожүйелерге айналды. Бұл апат 3,4 млн. адам тұратын елді мекендерді қамтыды. Сондағы тұрғын халықтың болашағы қандай? Олардың ұрпақтары қандай зардап шегіп отыр? Оған жауап жоқ. Қазақстанда қазіргі кезде 16 млн.т. қатты радиоактивті қалдықтар жинақталған. Мамандардың зерттеуі бойынша, Қазақстанда тұратын 2,6 млн. адам мутагенез ауруына шалдыққан. Егер де соңғы кезде жиі сөз болып жүрген шетелдердің радиоактивті қалдықтарын біздің жерімізде сақтауға рұқсат етсек не боламыз. Бұған ешбір жол беруге болмайды. Қазақстандағы мұндай экологиялық жағдайлар туралы ақпараттық шын мәнінде көпшілікке жетпейді. Тіпті,

полигондар қамтып отырған аймақтардың тұрғындардың өздері ауруының неден болатыны туралы хабарсыз. Мұны адам құқын бұзғандық және еліміздегі жариялылық демократиялық мемлекетті құрудағы ағаттықтар деп білу керек. Табиғаттағы өзгерістергі байланысты болжамдар жасап отыру-ғылымның міндетті. Кез-келген архитектуралық шаруашылық объектілерін, ірі өндіріс орындарын салуды жобалау кезінде олардың келетін экологиялық шығының бағасын есептеу, табиғат кешендеріне тигізетін әсерін ескеру аса қажет шара ретіндегі қаралуы керек. Олардың жергілікті тұрғын халықтың денсаулығына тигізетін зардабын анықтау қажет [4].

Қазақстанда 1987 жылдан бастап көпшілікке үздіксіз экологиялық білім берудің тұжырымдамалары мен бағдармаларының алғашқы жобалары ұсынылған. Соның негізінде көптеген оқу орындары экологиялық факультеттер ашылып, мамандар дайындала бастады. Көптеген көрнекті ғалым педагогтар өздерінің ғылыми зерттеу жұмыстарын экологиялық білім берудің ғылыми-зерттеу теориялық негіздеріне, экологияны оқыту процестерін жетілдіруге және оқушылар мен студенттерге экологиялық білім беру жолдарын жақсартуға бағыттады. Жасалған тәжірибелік жұмыс негізінде ғылым тұжырымдамалар беріліп, диссертациялар қорғалды. Жыл сайын кіші Ғылым академиясы мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің экология ғылыми-методологиялық орталығы біріге отырып, Қазақстанның барлық аймақтарынан келген мектеп оқушыларының экологиялық мәселелер жайында жасаған ғылыми зерттеу жобалары мен шығармаларын, экологиялық көрмелерін сараптап Қазақстанның қазіргі уақыт талабына сай болашақ эколог мамандарын дайындауда үлесін қосуда. Жасыратаны жоқ ірі өнеркәсіп кешеніндегі экологиялық сараптау мен мониторингтік бақылау жұмыстары да өз деңгейінде жүргізілмейді. Сондықтан да жергілікті жерлерде болып жатқан экологиялық апаттар, ауа, су мен топырақтың шектен тыс ластану жағдайлары толастаудың орнына көбейе түсуде [5].

Жоғарыда аталған Қазақстанның экологиялық ахуалы еліміздегі білім беру сапасын түбегейлі өзгертудің қажеттігін аңғартады. Ол елбасының «экологиялық қауіпсіздік

тұжырымдамасын» жүзеге асыру үшін үздіксіз экологиялық білім беруді ұйымдастыруды жақсартумен бірге, қазіргі өркендеген ғылыми-техникалық дамуды экологиялық тұрғыдан қайта қарауды талап етеді. Ол үшін көпшіліктің экологиялық сауатты болуы қажет. Экологияны пән ретінде мектептерге енгізу бүгінгі күннің талабы. Барлық облыста дерлік қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық білім жетілдіруге қаржы ысырапсыз пайдаланылады. Аралға, Семейге бөлінген қаржылар қайда кетті? Табиғатты көркейтуге нендей үлес қосты деген сұрақ халықтың көкейінде. Қоршаған ортаны қорғау туралы әр кезде әр түрлі ұсыныстар болып жатады. Науқанға айналған көгаландыру жұмысы жүйелі түрде жүрмейді. Әрбір елді мекенді, қаланы, көгаландыру мәселесінің өз алдына ғылыми тұжырымдамасы болуы қажет. Ірі өнеркәсіпті қалаларда, көбірек игерілген егістік аймақтарда, бау-бақшаларда сол жерлердің топырағының құнарлығын арттыру, суының жеткіліктігін, түсетін өнімнің сапасын анықтау экологиялық тұрғыда негізделуге тиіс. Қаланың микроклиматының өзгеріп, шаңтозаң, қапырыққа айналуы, асфальттардың еруі, қуаңшылық лебінің енуі молайды. Автокөліктердің көбеуі, улы газдардың таралауы қаланың ауасын ластаумен бірге, халықтың денсаулығына үлкен зиян тигізіп отырғаны жасырын емес. Мұндай көріністер Қазақстанның барлық қалаларын, елді мекен, ауыл маңдарын қамтып, соңғы ондаған жылдар бойы Үкімет тарапынан бақылаусыз қалғаны шындық. Өтпелі экономиканың дағдарыс кезінде оңтүстіктің өңірлердің ірі қалалары мен елді мекендерінде орын жетіспей, өсіп тұрған ағаштарды кесу орын алды. Бұл жағдай көп ауылдарда әлі де бар. Соның орны бүгін немен толады? Осыларды айта келіп, біз ендігі жерде еліміздің экологиялық ахуалын жақсарту үшін мынадай шараларды жүзеге асыру керек деп білеміз. [6].

Елді мекендерді көгаландыру бағдарламасы бойынша: қала, елді мекендердің көгаландыру аймағының экологиялық картасын жасау, көгаландыру аймағының агро-экологиялық ландшафтық ерешеліктерін алдын-ала анықтау; елді мекен, қала іші-сыртындағы кішігірім орман-тоғайды қалпына келтіруді жоспарлау және оның мерзімін белгілеу, ірі қала елді мекендердегі ғимараттарды, құрылыстар салуды

экологияландыру және жергілікті жердің табиғи-тарихи ерекшеліктерін ескеру, елді мекендерді көгаландыруды «экологиялық соқпақ» моделі арқылы жүзеге асыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

[1] Устав Организации Объединенных Наций. // URL: <http://www.un.org/ru/documents/charter/index.shtml>.

[2] Шульман М., Щербакова Н. Глобальные проблемы современности в историческом масштабе. Учебное пособие. Изд. «Ай Пи Эр Медиа». Университетский учебник. Москва. 2018., С.202

[3] Экология и экономика природопользования, Юнити-Дана, 2007.

[4] Экономические основы экологии – Санкт-Петербург, изд. «Специальная литература» 1997г.

[5] Чаус Ю., Ветлугин С., Бовкис В. В регионах Казахстана решают экологические проблемы. 2019. <https://khabar.kz/ru/>

[6] KAZINFORM <https://www.inform.kz/kz/mfa.gov.kz> > kazakhstanun

© Г.М. Сабденалиева, Г.Ө. Жандосова, Кемеш Ұлан, 2020